

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау нәтижелері бойынша

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №93 «Айгөлек» балабақшасы МКҚК

№ 93 «Мөлдір» балабақшасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс тобы 2020 жылдың қаңтар-шілде айларына ішкі талдау жүргізді. Топ құрамында: балабақша меңгеруші м.а. Домова Арайлым Нурсеитовна, әдіскер Бидахметова Аяулым Берекеқызы, меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары Жансакалова Жанар Алмаганбетовна, кәсіподақ төрайымы Бекетова Гүлжанат Милахатовна болды.

Ішкі талдау "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 18.11.2015 ж. № 410-V ҚРЗ Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 19.10.2016 жылғы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларына сәйкес, №93 "Айгөлек" балабақшасы МКҚК меңгерушісінің 2022 ж. "22" тамыздағы № 59 бұйрығы негізінде жүргізілді.

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы" заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін және Кәсіпорынның Жарғысын басшылыққа алады.

I. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

1. Кәсіпорынның құрылымы:

- 1) Әкімшілік;
- 2) кадр жұмысы және іс жүргізу;
- 3) қаржы бөлімі (бухгалтерия, мемлекеттік сатып алу);
- 4) оқу-тәрбие бөлімі және цифрландыру;
- 5) техникалық-шаруашылық бөлімі.

2. Кәсіпорынның (немесе мекеменің) қызметін талдау барысында нормативтік құқықтық актілер мен құқықтық актілер нормаларының сәйкессіздігі жоқ.

II. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

Кәсіпорынның штаттық кестесін Астана қаласының Білім басқармасы басшысы 2022 жылғы 01 қыркүйекте бекітті. Талдау жүргізу кезінде кәсіпорын қызметкерлерінің нақты саны 60 адамды құрайды, 6 бос орын (бос жұмыс орны бойынша "Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" КММ "Нұр-сұлтан қаласының жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау Басқармасы" ММ-не өтінімдер беріледі және одан әрі кәсіпорын әңгімелесу өткізеді).

Талданып отырған кезеңде 49-бап 5-тармақ бойынша 2 қызметкер өз еркімен жұмыстан босатылды. Еңбек кітапшасын толтыру

2023 жылдың қаңтар-шілде айларында 6 қызметкер қабылданды.

(«Астана қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ арқылы)

2. Мүдделер қақтығысы

Кәсіпорынның қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында жанжал мүдделері жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша функциялар:

1. "Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметі.
2. "Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметі бойынша артық құжаттар анықталған жоқ.

4. Кәсіпорынға келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері

Кәсіпорында азаматтардың өтініштері бойынша жұмыс "жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 13 қаңтардағы № 221 Заңына сәйкес жүргізіледі.

Бөлімдердегі осы бағыттар бойынша жұмыстың жай-күйіне талдау жүргізілді, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараудың уақтылығы мен сапасын қамтамасыз ету, бақылауды арттыру, өтініштерді белгіленген мерзімдерді бұза отырып қарауға жол бермеу бойынша шаралар қабылдануда.

2023 жылдың қаңтар-шілде айларында "сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңын орындауға байланысты кәсіпорын басшылығы мен қызметкерлерінің әрекеттеріне азаматтардың ауызша және жазбаша өтініштері түскен жоқ.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде кәсіпорын қызметкерлер мен ата-аналар үшін: меңгерушінің жанындағы кеңестер, ата-аналар жиналыстарын өткізеді. Ақпараттық стендтер мен тасымалданатын баннер дайындалды және орналастырылды. Мекеме басшысы Астана қаласы Білім басқармасының бұйрығы негізінде жыл сайын "ата-аналардан заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы" ішкі бұйрық шығарады.

6. Мемлекеттік сатып алулар

Кәсіпорынның интернет-ресурсында оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметі туралы арнайы бөлімдердің жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі. Білім беру ұйымының "сома" бюджеті жыл сайын білім беру ұйымының сайтында жаңартылып отырады.

Мемлекеттік сатып алу саласында барлық шарттар 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын сақтай отырып веб-портал арқылы жасалды.

7. Қорытынды

Талданып отырған кезеңде қызметкерлердің лауазымдық, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталған жоқ.

Жұмыс тобы:

Әдіскер: Бидахметова А.Б.

Меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары: Жансакалова Ж.А.

Кәсіподақ төрайымы: Бекетова Г.М.

№ 93 «Айгөлек» балабақшасы меңгерушісі м.а.

 Доманова А.Н.
(КОЛЫ)

